

Қазіргі таңда бүкіл әлемде қарусыз әлем идеясы жиі көтеріледі. Жер планетасын мекеңдеген елдердің басшылары бұл тарапта бірлікке келіп, бейбіт өмір үшін соғысты жойып, ынтымақтастыққа үндейді. Осыдан 36 жыл бұрын, яғни 1986 жылдың 26 сәуірінде Украинадағы Чернобыль атом электр станциясы жарылған болатын. Радиоактивті түтін аймақтан асып, 10 нан аса мемлекеттің 145 мың шаршы шақырым жерін ластады, кем дегенде 5 миллион халық зардап шеккен.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы апаттан төрт мыңдай адам қаза тапты деп хабарлады. Бірақ, ядролық энергия нысандарына қарсылық танытушылар 100 мың адам құрбан болды.

Чернобыль зардабын жою ісіне атсалысқан Қазақстан азаматы Қайрат Байбосынов сол кезеңнің оқиғасы жайлы әңгімелеп берген болатын. Алғашында Беларусь Республикасының Хойник ауданында, кейін Чернобыль АЭС-тан төтенше хабарлама түсіп, сонда жөнелтілгенін баяндады.

«Радиация аймағындағы алғашқы күндер ауыр болды. Дәл сол күні радиация деңгейі 2,5 рентгенді (Р) көрсетті. «Накопительдің» ең жоғарғы мөлшері де 2,5 Р. Негізінде бізге

РАДИАЦИЯЛЫҚ ҚОРҒАНУ ӘСКЕРЛЕРІН ДАЙЫНДАУ МАҢЫЗДЫ

жүктелген міндет: күнделікті 0,5 мР (миллирентген) алып отыру. Тексергенде маған берілген көлік жүргізуге жарамайтын болып шықты. Бұл көлікпен 15 күн жүріппін. Мұның денсаулыққа өте зиян, зардабы күшті екенін кеш ұқтым. Кейін полктан бөлінген ЗИЛ 130 самосвал машинасына міндік, бұл алдыңғыға қарағанда тәуір болып шықты», – деді.

«М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ әскери кафедрасында химиялық әскерлерінің запастағы офицерлерін 1973 жылдан бастап дайындай бастады. Алғашқы запастағы химик-офицерлер «Радиациялық, химиялық барлау және ядролық жарылысты белгілеу взводының командирі» әскери-есептік мамандық бойынша даярланған.

Қазіргі уақытта радиациялық, химиялық және биологиялық қорғану әскерлерін дайындау бағытында 4 әскери-есептік мамандық бойынша студенттер қатарынан запастағы офицерлерді дайындайды.

2021-2022 оқу жылынан бастап «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ әскери кафедрасында 6 химиялық әскери-есептік мамандық бойынша запастағы сержанттарды даяр-

лау қолға алынды:

- радиациялық және химиялық барлау мен дозиметрлік барлау құралдары;

- отшашарлық-өртегіш құралдар;

- радиациялық және химиялық барлау мен дозиметрлік бақылау;

- жабдықтар мен жабдық-тұрмандары зарарсыздандыру құралдары;

- химиялық техника мен мүлік;

- сұйықтықпен арнайы өңдеу құралдары.

Әр жылы сәуір айында әскери кафедра осы Чернобыльдегі қайғылы оқиғаны еске алып, студенттерге қайғылы жағдайды естеріне салып ашық сабақ өткіземіз. Бұл сабаққа Шымкент қаласындағы Чернобыль апатына қатысқан ардагерлерді шақырамыз, олар студенттерге АЭС жарылысының зардабы және көмек ретінде қандай қызметтер атқарғанын баяндап ой пікірлерімен бөліседі.

Ж.АЙДАШЕВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
КЕАҚ әскери кафедрасының аға
оқытушысы, запастағы
капитан